# ХОШ, ДАРАБОЗ ДОСЫМ МАҒАУИЯ

Ғұмыры мен еңбегін халқына арнап, қажыр-қайраты мен білім мен біліктілігінің арқасында ауыл шаруашылығы саласының дамуына өшпес ісімен ізін қалдырған дарабоз досым Мағауия жалған фәни дүниеден мәңгілік бақилыққа озғаны мені қатты толғандырып, ой-санамды жан-жаққа тоғытқандай күй кешудемін.

Өткенде Мақсұт досымнан көз жазғанда айтып едім, біз үшеуміз деп. Енді 3-4 айдың ішінде Мағауия досымнан да айырылып қалдым. «Өлім» деген аты ауыр нәрсе, ешкімді аямайды. Өлімнен ешкім қашып құтылған емес. Мағауия Медетбек әкеміз бен Кәлен анамыздың тұңғыш ұл баласы. Өмір жолында Мағауиямен 5-сыныптан бастап, яғни, 1953 жылдан күні бүгінге дейін 7 жыл бірге болдым.

Осы ұзақ уақыт ішінде достығымызға ешқандай сызат түсірген емеспіз.

Мағауияның адами болмысы мен кісілік қасиеттеріне жете таныспын.

Елі үшін атқарған еңбектерін, қиын кезеңде ауыл еңбеккерлеріне жасаған қамқорлығы, әсіресе шалғайда орналасқан К.Мыңбаев атындағы асыл тұқымды шаруашылықта 70-тен астам қыстақтардағы шаруаларға жасаған жақсылықтарын бүгінгі таңда сол елдің азаматтары жыр етіп айтып жүргенін естідім.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын...» дегендей. Мағауия досым біз үшін және ауданның тұрғындары үшін іскер басшы, ортаға танымал тұлға болды.

Мағауияның есімі мен жарқын бейнесі оның замандастары мен жерлестерінің жадында мәңгі сақталады.

Хош, хош, хош дарабоз досым Мағауия!

**Боранбай ЖҰМКИН,**
**Шет ауданының**
**Құрметті азаматы.**

Шет шұғыласы. - 2024. - 7 наурыз (№10). - 7 б.